

Индербор кенті аумағында жолаушылар мен жүкті тұрақты автомобильмен тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 89 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 маусымда № 4663 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19-бабының 2-тармағына және "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7297 тіркелген) сәйкес, Индер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Индербор кенті аумағында жолаушылар мен жүкті тұрақты автомобиль тасымалдауына жолаушының бір реттік жол жүру ақысы 50 (елу) теңге мөлшерінде бірыңғай тариф белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Индер ауданы әкімінің орынбасары А. Мусағалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Қалауи